

## Қазақстан Республикасы Ішкісминің жоғары оқу орындарына қабылдау Ережесі

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкісминің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 7 мамыр N 140 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 611. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 1999.06.18. N 316 бұйрығымен. ~V990860

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау

министрлігінің, Білім комитеті бекіткен, Қазақстан Республикасы мемлекеттік колледждері мен жоғары оқу орындарына қабылдаудың Бірыңғай ережесіне сәйкес

бұйырамын:

#### 1. Бекітілсін:

1.1. Қазақстан Республикасы Ішкісмин жоғары оқу орындарына қабылдау ережесі (1 қосымша).

1.2. Қазақстан Республикасы Ішкісминің колледждеріне қабылдау ережесі (2 қосымша).

<\*>

Ескерту: 1.2-тармақшаның күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 265 бұйрығымен.

V990859\_

#### 2. ПББ, ПБ, КПБ және оқу орындарының бастықтарына:

2.1. Аталған бұйрықты жеке құрамға оқыту ұйымдастырылсын.

2.2. Оқуға үміткерлердің назарына жеткізілсін.

3. Жоғары оқу орындарының бастықтары түсу емтихандарын және Ішкісмин оқу орындарына қабылдауды қатаң осы бұйрықтың талабына сәйкес ұйымдастырын.

4. ҚР Ішкісмин 1996 жылғы 16 наурыздағы N 106-шы және 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 105-ші Қазақстан Республикасы Ішкісмин оқу орындарына қабылдау және түсу емтихандарын ұйымдастыруға қатысты бұйрықтарының

тармақтары қүшін жойды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

ҚР Ішкісминнің  
1998 жылғы 7 мамырдағы  
N 140 бұйрығына  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкісминнің  
жоғары оқу орындарына қабылдау  
Ережесі

1. Ішкісминнің жоғары оқу орындарына түсушілер түсу емтиханын мемлекеттік тілде немесе ресми қолданылып жүрген тілде тапсырады.
2. Түсу емтихандары жалпы білім беретін орта мектептердің оқу бағдарламасының көлемінде өткізіледі.
3. ҚР Ішкісминнің Жоғары оқу орындарына түсетіндер белгіленген нормативтерге сәйкес дene шынықтыру дайындығынан сынақ тапсырады және 4 пән бойынша тесттік сынақтан өтеді.

Тесттік сынақ өткізу үшін мына пәндер белгіленсін:

N 0216 "Құқық тану" мамандығы бойынша

- қазақ немесе орыс тілі;
- Қазақстан тарихы;
- Жалпы тарих;
- Математика.

N 3602 "Автоматика, телемеханика және байланыс", N 1701 "Өрт қауіпсіздігі"  
, N 0713 "Кәсіпорындардағы экономика және менеджмент", N 3004 "Жол қозғалысын ұйымдастыру" мамандықтары бойынша:

- қазақ немесе орыс тілі;
- Қазақстан тарихы;
- математика;

- физика;

Оқу орындарының қабылдау комиссиясы қызметтен қол үзбей оқитын тұсу емтихандарының тізімін белгілейді.

Тест сұрақтарының саны әр пән бойынша - 30, олардың жалпы саны барлық пән бойынша 120 болуы тиіс. Дұрыс жауап бір баллмен бағаланады.

Кешенді тест тапсыруға пәндердің тізіміне қарай, барлық пән үшін 2,5-3 сағат беріледі. Тест тапсыру уақытын ЖОО (Жоғары оқу орны) қабылдау комиссиясы анықтайды. Уақыттың көбі қосымша есептеуді, айырып-қосуды қажет ететін тестке беріледі. Пәндердің саны аз болса, тест тапсыру уақыты пәндердің пропорционалды санымен анықталады.

4. Жоғары оқу орындарының күндізгі оқыту факультеттерінде тұсу емтихандарын өткізу мерзімі - тамызың 1-нен 15-не дейінгі кезең.

Жоғары оқу орындарының сырттай оқыту факультеттерінде 5 маусымнан 10 қазанға дейін әрбір ағынға 10 күннен.

Тұсу емтихандарының нақты тапсыру мерзімін жоғары оқу орнының бастығы шешеді.

5. Оқу орнына күндізгі оқу бойынша қабылдаудың нәтижесі туралы есеп беру сол ағымдағы жылдың 20 тамызына дейін Кадр және Тәрбие жұмысы департаментінің Оқу орындары басқармасына, ал сырттай оқыту бойынша 20 қазанға дейін тапсырылады.

6. Қабылдау комиссиясы ПББ, ПБ, КПБ бөлген қабылдау орындарын ескере отырып, тұсу емтихандарының нәтижелері, медициналық куәландыру мәліметтерінің конкурстық негізінде қабылдайды.

7. Тиісті мамандықтарға ағымдағы оқу жылының Республикалық пән олимпиадаларының бірінші, екінші дипломымен марапатталған немесе үшінші дәрежемен марапатталған мектеп бітірушілері тұсу емтихандарының қабылданады. Мамандықтың сәйкестігін әрбірabitуриент бойынша дәлелді шешім қабылдап, оған жеткізетін ЖОО-ның қабылдау комиссиясы анықтайды. Абитуриент республикалық олимпиада жеңімпазы болып саналатын пәннің мамандыққа сәйкестігінің басқа да белгілерімен қатар, сол мамандық үшін белгіленген пәннің профилі бойынша да анықталады.

Олимпиада пәні таңдалған мамандыққа сәйкес келмese abituриent жалпы негізде қабылданады.

8. Жалпы білім беретін орта мектепті, орта арнаулы немесе кәсіби-техникалық оқу орнын мектептің негізгі сатысы базасында үздік бітіргендер кешенді тесттің барлық пәндері бойынша тесттен өтеді. "Бес" бағасына сәйкес, профильдік пән бойынша қажетті балл жинаған бұл адамдар қабылдануға жатады. Тіпті болмаса жалпы конкурсқа қатысады.

Арнаулы орта оқу орнын мектептің жоғарғы сатысы негізінде үздік

дипломмен бітірген адамдарға жоғарыда көрсетілген тәртіп тек тиісті мамандыққа түскенде ғана қатысты.

9. Дұрыс жауаптардың кодтары кешенді тест өткізілгеннен кейін ілінуі тиіс. Кешенді тест өткізілгеннен кейін сол тәуліктің ішінде оқу орнының бастығы бекіткен тест нәтижесі ілініп тұруы тиіс.

10. Тұсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

11. Кешенді тесттің апелляциясы баға жарияланғаннан кейін сол күні беріліп қаралуы тиіс. Алынған баға қабылдау комиссиясының дәлелді шешімімен ғана өзгертуледі.

12. Жоғары оқу орнына қабылдау мамандықтар және тілдер бөлімшесі бойынша бөлек жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының ашық жиналысында өтеді.

Әр мамандық бойынша қабылдау комиссиясы белгіленген дәрежеден профильдік пәннен орташа деңгейден төмен қосынды балл жинаған адамдар тыңдаушылар қатарына алынбайды. Орташа деңгейдің қосынды балы 40-50, ал профильді пән бойынша 9-15 балл шегінде белгіленеді.

13. Профильдік пән бойынша орташа деңгейден төмен емес қосынды балл жинаған әрбір мамандық бойынша ЖОО-ның қабылдау комиссиясы анықтаған Қазақстан Республикасы Зандары мен Үкімет қаулыларына сай оқуға конкурссыз қабылданатындар:

- жасы 23-ке толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар;

- Ауғаныстанда қаза тапқан әскери қызметшілердің балалары;  
- Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен женілдіктерді пайдалануға куәлігі бар запасқа шыққан әскери адамдар;

- қызметтік міндеттін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болған ішкі істер органдары қызметкерлерінің балалары;

- алыс мал жайылымдарында жұмыс істейтіндердің балалары;

Конкурссыз қабылдануға құқылды талапкер, оны растайтын құжаттарын табыс етуі тиіс. Алыс жайылымдардағы малшылардың балалары облыс әкімі орынбасарының қолтаңбасы қойылған жолдаманы қоса тапсырады.

14. Тұсу емтиханын қанағаттандырлық бағаға тапсырған басқа талапкерлердің барлығы жинаған баллдарына сәйкес жалпы конкурс бойынша қабылданады. Жинаған баллдары тең болғандар арасында мамандыққа бейімдейтін пәннен алынған балл шешеді, одан әрі баллдары тең болған жағдайда әуелі мыналар қабылданады:

- жалпы білім беретін орта мектепті, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орнын үздік бітіргендер;

- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары, ішкі әскерлердің әскери

қызметкерлері;

- жалпы білім беретін орта мектепті бітіргенде "Жекелеген пәндерді оқып үйренудегі ерекше табыстары үшін "мақтау қағазымен" марапатталғандар;

- соңғы 2 жылдың ішінде запасқа босатылған әскери қызметшілер;

15. Тұсу емтихандарын қанағаттанарлық бағаға тапсырған бірақ конкурс бойынша жоспарлы орынға өтпеген оқуға талапкерлер тиісті келісім жасап, ақылы негізде оқуға қабылдана алады.

16. Конкурстан өтпеген талапкерлерге жоғары оқу орны арнаулы орта оқу орындарына конкурсқа қатысу үшін кешенді тесттің нәтижесі туралы анықтама береді.

17. Оқуға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімі колледж бастығының бұйрығымен ресімделеді. Жұмыстан қол үзіп оқуға қабылданған адамдарды іссапарға жіберуге және сырттай оқуға түскен адамдарға демалыс, басқа да женілдіктер беруге бұйрықтың көшірмесі негіз болып табылады.

18. Конкурстан өтпеген талапкерлер ішкі істер органдарына, ішкі

әскерлердің әскери бөлімдерінің қарамағына іссапармен жіберіліп, қабылданбаған себебі көрсетілген жеке істері қайтарылады.

19. Оқу орындарында сабактар ЖОО-ның оқу жоспарында және оқу процесінің кестесінде белгіленген мерзімдерде басталады. Сабакқа себепсіз 10 күн бойы қатыспаған тыңдаушылар оқудан шығарылады.

Оқудан шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабак басталған күннен бастап 1 айдың ішінде конкурстан өтпеген адамдарды қабылдай алады.

Қазақстан Республикасы Ішкісминінің  
Кадр және тәрбие жұмысы департаменті  
Оқу орындарының басқармасы

ҚР Ішкісминінің  
1998 жылғы 7 мамырдағы  
N 140 бұйрығына  
N 2 қосымша

<\*>

Ескеरту: N 2 қосымшаның күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 265 бұйрығымен.

V990859\_

Қазақстан Республикасы Ішкісминінің  
колледжіне қабылдау  
Ережесі

1. Қазақстан Республикасының колледждеріне түсетіндер тұсу емтиханын мемлекеттік тілде немесе ресми қолданылатын тілде тапсырады.
2. Тұсу емтихандары жалпы білім беретін орта мектептің оқу бағдарламасының көлемінде тапсырылады.
3. ҚР Ішкісмин колледжіне түсетіндер белгіленген нормативке сәйкес дене шынықтыру дайындығынан сынақ тапсырады және 3 пәннен тест тесттік сынақ өтеді.

Тесттік сынақ өткізу үшін:

- N 0202 "Құқық қорғау қызметі", N 0216 "Құқық тану" мамандықтары бойынша мына пәндер белгілесін:
- қазақ тілі немесе орыс тілі;
  - Қазақстан тарихы;
  - жалпы тарих.

Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиясы қызметтен қол үзіп оқуға тұсу емтихандарының өткізу түрлерін және тізімін белгілейді.

Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны 30, ал барлық пән бойынша олардың саны 90 болуға тиіс. Дұрыс жауап 1 баллмен бағаланады. Аrnaулы немесе творчестволық емтихандардан алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы соларға сәйкес баллдардың санына аударады. Талапкердің жауабы барлық пәннен жинаған баллдардың қосындысы 30 пайыз немесе одан аз болса "2-ге" бағаланады. Барлық пәннен кешенді тест сынағына 2 сағат беріледі.

4. Колледждің құндізгі оқу факультетіне тұсу емтиханының мерзімі - тамыздың 1-нен 15-іне дейінгі кезеңде белгіленеді.

Колледждің сырттай оқу факультетіне - маусымның 5-інен қазанның 10-на дейін әр ағынға 10 күн мерзімде белгіленеді.

Тұсу емтихандарының нақты мерзімін ҚР Ішкісминің колледж бастығы

анықтайды.

5. Оқу орындарына қабылдау нәтижелері туралы К және ТЖД-нің Жоғары оқу орнына есеп беру сол жылдың күндізгі оқу түрі бойынша 20 тамызға дейін, ал сырттай оқу түрі бойынша 20 қазанға дейін тапсырылады.

Қабылдау комиссиясы оқуға ПББ, ПБ, КПБ бөлінген орындарға дәрігерлік куәландыру көрсеткіштерін, тұсу емтихандарының нәтижелерін ескере отырып, конкурстық негізде қабылдайды.

6. Жалпы білім беретін орта мектептің негізгі немесе жоғарғы сатысын немесе жалпы білім беретін орта мектептің негізгі немесе жоғарғы сатысының базасында кәсіби-техникалық мектепті (лицейді) үздік бітірген адамдар тұсу емтиханынсыз қабылданады.

Аталған тәртіп алған кәсібіне сәйкес мамандыққа түсken, жалпы білім беретін орта мектептің негізгі немесе жоғарғы сатысының базасында кәсіби- техникалық мектепті (лицейді) үздік бітірген адамдарға да таралады.

7. Тиісті мамандықтарға ағымдағы оқу жылын профильдік пәндер бойынша мектеп оқушыларының Республикалық, облыстық және Алматы қалалық пән олимпиадаларының жеңімпаздары бірінші, екінші дипломымен немесе үшінші дәрежесімен марапатталғандары тұсу емтихандарынсыз қабылданады. Олимпиада жеңімпазы таңдаған мамандыққа олимпиада пәні сай келмеген жағдайда, кешенді тестке енген пәнге максималды балл қойылады. Басқа пәндер бойынша емтиханнан босатылмайды және жалпы негізде қабылданады.

8. Дұрыс жауаптардың кодтары кешенді тест өткізілгеннен кейін ілінуі тиіс. Кешенді тесттен кейін сол тәуліктің ішінде емтихан нәтижелері талапкерлердің назарына жеткізуі тиіс.

9. Тұсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

10. Кешенді тесттің апелляциясы баға жарияланғаннан кейін сол күні беріліп, қаралуы тиіс. Алынған бағалар қабылдау комиссиясының дәлелді шешімінен кейін өзгерілуі мумкін.

11. Ішкісмин колледжіне қабылдау бөлек мамандықтар және тілдер бөлімшесі бойынша жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының ашық жиналысында өтеді.

12. Қазақстан Республикасы Зандары мен Қазақстан Республикасының Үкімет қаулыларына сәйкес "ұштен" кем емес немесе қанағаттанарлық баға алған жағдайда оқуға конкурссыз қабылданатындар:

- жасы 23-ке толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар;
- Ауғанстанда қаза тапқан әскери қызметшілердің балалары;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен жеңілдіктерді пайдалануға куәлігі бар запасқа шыққан әскери адамдар;

- қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болған ішкі істер органдары қызметкерлерінің балалары;
- алыс мал жайылымдарында жұмыс істейтіндердің алыс мал жайылымдарындағы участоктарда тұрақты жұмыс (жұмыс уақытының кем дегенде 50%) істейтін түйеші, сиыршы, ірі қара мал бағатын малшылардың, күзетшілердің, ферма мен ғерушілері мен бригадирлердің, механизаторлар мен жүргізушилердің, зоотехниктер мен мал дәрігерлері, веттехниктер мен ветеринарлық санитарлардың балалары.

Конкурссыз қабылдануға құқылды талапкер оны растайтын құжаттарын табыс етуі тиіс. Алыс жайылымдардағы малшылардың балалары облыс әкімі орынбасарының қолтаңбасы қойылған жолдаманы қоса тапсырады.

13. Тұсу емтиханын қанағаттанарлық бағаға тапсырған басқа талапкерлердің барлығы жинаған баллдарына сәйкес жалпы конкурс бойынша қабылданады. Жинаған баллдары тең жағдайда әуелі мыналар қабылданады:

- жалпы білім беретін орта мектепті, арнаулы орта және кәсіптік- техникалық оқу орнын үздік бітіргендер;
- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары, ішкі әскерлердің әскери қызметкерлері;
- жалпы білім беретін орта мектепті бітіргенде "Жекелеген пәндерді оқып-үйренудегі ерекше табыстары үшін "мақтау қағазымен мараپатталғандар;
- соңғы 2 жылдың ішінде запасқа босатылған әскери қызметшілер;
- практикалық жұмыс стажы бар ішкі істер органдары қызметкерлері.

14. Тұсу емтихандарын қанағаттанарлық бағаға тапсырған бірақ конкурс бойынша жоспарлы орынға өтпеген талапкерлер тиісті келісім жасап, ақылы негізде оқуға қабылдана алады.

15. Конкурстан өтпеген талапкерлерге жоғары оқу орны арнаулы орта оқу орындарына конкурсқа қатысу үшін кешенді тесттің нәтижесі туралы анықтама береді.

16. Оқуға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімі колледж бастығының бұйрығымен ресімделеді. Жұмыстан қол үзіп оқуға қабылданған адамдарды іссапарға жіберуге және сырттай оқуға түсken адамдарға демалыс, басқа да женілдіктер беруге бұйрықтың көшірмесі негіз болып табылады.

17. Конкурстан өтпеген талапкерлер ішкі істер органдарына, ішкі

әскерлердің әскери бөлімдерінің қарамағына іссапармен жіберіліп, қабылданбаған себебі көрсетілген жеке істері қайтарылады.

18. Оқу орындарында сабактар ЖОО-ның оқу жоспарында және оқу процесінің кестесінде белгіленген мерзімдерде басталады. Сабакқа себепсіз

10 күн бойы қатыспаған курсанттар оқудан шығарылады.

Оқудан шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабак басталған күннен бастап 1 айдың ішінде конкурстан өтпеген адамдарды қабылдай алады.

Қазақстан Республикасы Ішкісмин  
Кадр және тәрбие жұмысы департаменті  
Оку орындарының басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК